

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

СЫН-ПІКІР

Дипломдағ жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Қайырташқызы Перизат

(білім алушының аты-жөні)

(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: Тағдырдың дағасында 9 дағатта тұрған үйдің

жаңарту жүйесін жобалау

Орындалды:

а) сызба материалдары 6 бет

б) түсініктемелік жазба 30 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдағ жоба берілен мақсатта сәйкес орындалған
Қазақтың сәртте аға инженерлікке сүйені отырып
жолу техникалық есептері шарадалған. Дипломдағ жоба -
дағат барлағ белгілер ретімен орындалған.
Дипломдағ жобаді келесідей бағалықтарға ескертүүлр жасалық:
- орфографиялық бағалықтар,
- кейбір сызбада өлшемдері дұрыс көрсетілмеген

Жұмысты бағалау

Қайырташқызы Перизат дипломдағ жобасын жаса
орындаған (90 б). Қайырташқызы Перизат "Құрылыс
инженерлері" мамандығы бойынша техника және техно-
логия бағалауға дәрежесіне лайық.

Сын-пікір бергені

А.А. Әбдірайымов
«29» (жоны) 2023 ж.
ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«АБДИРАЙМОВ ПРОСЕКТ»

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жұмыс

(жұмыс түрінің атауы)

Ғайырғалиқызы Перизат

(білім алушының аты-жөні)

БВ 07302 - Құрылымға инженерлік.

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:

Мамандыққа қажеттіліктер

Ақпараттық тұрақтылық

жүйесін құрастыру.

Дипломдық жұмыс берілген тақырыпқа
байланысты орындалған:

- есепті - түсініктілік құрамы - белгі;

- графикалық бөлім - нақты.

Дипломдық жұмыс орындалған уақытында
кірісіп, оқу процесінде алған білімін көрсете
білді, қабілеттері мен ішкі қабілеттері көрсеті
таптыра сәйкес, өз еркімен негізгі құрылым -
түрлері мен түсінік құрылымы орындалды.

Дипломдық жұмыс қажеттіліктер функцияда орын-
далған (20 бап), ал диплом құрамында Ғайыр-
ғалиқызы Перизатқа БВ 07302 «Құрылымға ин-
женерлік» оқу бағдарламасына байланысты бағалар

дәрежесін беруге болады.

Ғылыми жетекші

Муртазина К.М. - аға оқу проф.

Мурта

(қолы)

«24» 05 2023 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Қайырғалиқызы Перизат

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Талдыкорған қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау.docx

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 11.5

Коэффициент Подобия 2: 1.5

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 1

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата

Заведующий кафедрой
Жименова

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Қайырғалиқызы Перизат

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Талдықорған қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау.docx

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 11.5

Коэффициент Подобия 2: 1.5

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 1

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 25.05.2022.



проверяющий эксперт

Жанарбай Ж.Ж.

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Қайырғалиқызы Перизат

Тақырыбы: Талдықорған қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау.docx

Жетекшісі: Куляш Нурпеисова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 11.5

2-ұқсастық коэффициенті (5): 1.5

Дәйексөз (35): 0

Әріптерді ауыстыру: 1

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 0

Ак белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні

Кафедра меңгерушісі

*Ахмедов Р.
Жу*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

Қайырғалиқызы Перизат

Талдықорған қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциалық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ИЖЖЖ Кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым.проф.

Алимова К.К.

«25» 05 2023 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: “Талдықорған қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту
жүйесін жобалау”

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

Орындаған

Т.Қ.

Қайырғалиқызы П.

Рецензент



А.А.

2023 ж.

Жетекші

техн.ғыл.канд., қауым.проф

Нурпеисова К.М.

«24» 05 2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциалық емес акционерлік қоғамы

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ Кафедра меңгерушісі
техн.ғыл. канд., қауым. проф.

Алимова К.К.

« 13 » 03 2023ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Қайырғалиқызы Перизат

Тақырыбы: Талдықорған қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Академиялық мәселелер жөніндегі проректорының 2022 жылғы «23» қараша №408-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2023 жылғы «23» мамыр

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Ғимарат қабаттарының жобасы, сыртқы қоршаушы құрылымдар материалының сипаттамалары мен қаланың климаттық параметрлері

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсете отырып):

1) Бірінші қабат жоспары; 2) Типтік қабат жоспары; 3) Жертөле жоспары;




4) Жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбалары; 5) Типтік қабаттың аксонометриялық сұлбалары; 6) Технологиялық карта

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 10 атаудан


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	16.01.2023 – 27.03.2023	орында
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	29.03.2023 – 07.04.2023	орында
Экономика бөлімі	10.04.2023 – 19.04.2023	орында

Аяқталған дипломдық жоба үшін, оған қатысты бөлімдердің жобасын
көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған
қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	А. Е. Алимбек техника ғылымдарының магистрі, аға оқытушы	27.04.2023	
Экономика бөлімі	К. М. Нурпеисова техн.ғыл.канд., қауым.проф.	02.05.2023	
Норма бақылаушы	А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд., қауым.проф.	24.05.2023	

Жетекші  Нурпеисова К.М.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды  Қайырғалиқызы П.

Күні «16» 01 2023 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада Талдықорған қаласындағы тоғыз қабатты тұрғын үйді жылыту жүйесінің жобасы көрсетілген. Жобаның негізгі мақсаты ғимараттың жылыту жүйесінің есептеулерін орындау мен жылыту жүйесін жобалау.

Дипломдық жобаның негізгі бөлімінде ғимараттың жылутехникалық есептеулер қорытындысы арқылы жылу жоғалу есебі мен жылыту жүйесінің гидравликалық есептеулері жүргізілді. Сонымен қатар, дипломдық жобада құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы, күнтізбелік жоспар және жылытуды жобалауға қажетті экономикалық шығындар қарастырылады.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте представлен проект системы отопления девятиэтажного жилого дома в г. Талдыкорган. Основной целью проекта является расчет системы отопления здания и проектирование системы отопления.

В основной части дипломного проекта произведен расчет теплопотерь и гидравлические расчеты системы отопления по итогам теплотехнических расчетов здания. Кроме того, в дипломном проекте рассматриваются технология строительных сборочных работ, календарный план и экономические затраты, необходимые для проектирования отопления.

ABSTRACT

This diploma project presents a project of a heating system for a nine-storey residential building in Taldykorgan. The main purpose of the project is to calculate the heating system of the building and design the heating system.

In the main part of the diploma project, heat loss and hydraulic calculations of the heating system were calculated based on the results of thermal calculations of the building. In addition, the diploma project examines the technology of construction assembly work, the calendar plan and the economic costs necessary for the design of heating.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобалауға қажетті параметрлер	8
1.2 Қоршаушы конструкцияларының жылу техникалық есебі	8
1.3 Бөлмелерде жылу жоғалу	11
1.4 Жылыту жүйесі	12
1.5 Жылыту аспаптарын таңдау	13
1.6 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	16
1.7 Жергілікті жылу пунктiнiң қондырғысы	22
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	24
2.1 Еңбек шығындарын калькуляциялау	25
2.2 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі	25
2.3 Көліктің қажеттілік есебі	26
2.4 Аз механизацияланған құрылғылардың, қолмен және механизмделген бұйымдарының қажеттілік есебі	28
2.5 Жылыту жүйесін сынақтан өткізу	29
3 Экономика бөлімі	31
3.1 Келтірілген шығын есебі	31
ҚОРЫТЫНДЫ	34
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	35
ҚОСЫМШАЛАР	37

КІРІСПЕ

Жылыту ғимараттардағы жайлылық пен қауіпсіздіктің маңызды аспектісі болып табылады. Бөлмедегі қолайлы жағдайды қамтамасыз ету жылыту жүйесінің негізгі міндеті болып табылады. Себебі адам жабық бөлмеде ұзақ уақыт өткізеді, бөлме температурасы адамның көңіл күйіне, денсаулығына және жұмыс өнімділігіне әсер етеді. Сол себептен жоғары сапалы жылыту жүйесі үй – жайларда қолайлы микроклиматты және пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек.

Жылыту жүйесінің негізгі міндеті бөлмедегі қоршау құрылымдар, қабырға, еден төбе жабын әсерінен жоғалатын жылуды жылыту аспаптары көмегімен қалпына келтіру. Жылыту аспаптары жылу көзінен құбырлар арқылы жеткізілген жылуды бөлмеге біркелкі тарату мақсатында жұмыс атқарады. Олар әдетте терезе алдына орнатылады, өйткені ғимаратқа терезе арқылы енетін суық ауаға кедергі жасау үшін.

Бұл дипломдық жобада Талдықорған қаласында орналасқан 9 қабатты тұрғын үйге арналған жылу жүйесін жобалау қарастырылады. Дипломдық жобаның мақсаты – тұрғындарға жайлы жағдаймен қамтамасыз етіп қана қоймай энергоресурстарын үнемдейтін оңтайлы жылыту жүйесін әзірлеу. Жобада қазіргі таңда қолданыстағы жылыту әдістері мен технологиялары қарастырылады, сонымен қатар замануи жабдықтар таңдалып, жылытудың тиімділігіне әсер ететін факторлар бағаланады.

Жобаның техникалық бөлімінде сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есебі. Әр бөлмеде жоғалатын жылу мөлшері мен сол жылуды толықтыруға қажетті аспаптары саны және аспап түрлері таңдалып алынды. Жүйе құбырларының гидравликалық есебі нәтижесінде диаметрлер таңдалып алынды.

Жобаның құрылыс жинақтау технологиясы бөлімінде ұйымдастырылған техникалық шаралар, еңбек шығынын калькуляциялау, күнтізбелік жоспар мен жұмысшылардың қозғалыс графигі, көліктің қажеттілік есебі жүргізілді.

Экономика бөлімінде жылытуға қажетті капиталды төлем ақы мөлшері, жылдық шығындар есебі мен тауардың өтеу мерзімі анықталды.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобалауға қажетті параметрлер

Жобалау ауданы – Талдықорған;

Ғимарат атауы – тұрғын үй;

Қабат саны – 9;

Қабат биіктігі – 3 м

Жылыту маусымындағы сыртқы ауаның температурасы (ең суық бес күндік): $t'_0 =$ минус $25,3^{\circ}\text{C}$;

Жылыту маусымындағы сыртқы ауаның орташа температурасы: $t_{om} =$ минус $1,5^{\circ}\text{C}$;

Жылыту маусымының ұзақтығы: 172 тәулік;

Жылыту кезіндегі жел жылдамдығы: 1,7 м/с;

Екі құбырлы жылыту жүйесі;

Жылыту жүйесінің беретін құбыр температурасы $t_1 =$ плюс 95°C ;

Жылыту жүйесінің қайтатын құбыр температурасы $t_2 =$ плюс 70°C .

1.2 Қоршаушы конструкцияларының жылу техникалық есебі

Жылыту жүйесін жобаламас бұрын ең алдымен сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есебі орындалады. Қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі ғимараттың қабырғалары, шатыры, терезелері және бөлмені бөлетін басқа элементтері арқылы жылу беруге кедергілерді анықтауды қамтиды.

Қоршау құрылымдарының жылу беруіне қажетті кедергісі төменгі формула бойынша анықталады

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{n \cdot (t_i - t_c)}{\alpha_i \cdot \Delta t^n}, \quad (1.1)$$

мұндағы n – сыртқы ауаға қатысты қоршау конструкцияларының сыртқы бетінің орналасуына байланысты қабылданған коэффициент;

t_i – ішкі ауаның температурасы, $^{\circ}\text{C}$;

t_c – сыртқы ауаның температурасы, $^{\circ}\text{C}$;

α_i – сыртқы қоршаудың ішкі бетінің жылу бері коэффициенті, қабылданады, $\text{Вт/м}^2\text{C}$;

Δt^n – қоршау құрылымының ішкі бетінің температурасы мен ішкі ауа температурасының арасындағы нормативті температуралық айырмашылық, қабылданады.

Қабырғаның жылу беруіне қажетті кедергісі

$$R_0^{тр} = \frac{1 \cdot (18 - (-25,3))}{8,7 \cdot 4} = 1,24 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot \text{°С}).$$

Төбе жабын жылу беруге қажетті кедергісі

$$R_0^{тр} = \frac{0,9 \cdot (18 - (-25,3))}{8,7 \cdot 3} = 1,49 \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot \text{°С}).$$

Жылыту мерзімінің градус-тәулігі келесідей анықталады

$$\text{ЖМГТ} = (t_i - t_{от}) \cdot n_o, \quad (1.2)$$

мұндағы t_i – ғимарат ішкі ауасының орташа температурасы, °С;
 $t_{от}$ – жылыту кезеңінде сыртқы ауаның орташа температурасы,
 °С;
 n_o – жылыту маусымының ұзақтылығы, тәулік.

$$\text{ЖМГТ} = (18 + 1,5) \cdot 172 = 3354 \text{°С тәулік}.$$

ЖМГТ мәні арқылы қоршау конструкцияларының жылуөткізгіштігіне келтірілген кедергісі ($R_0^{пр}$) анықталады.

1.1 – кесте – Қоршаушы құрылымдардың келтірілген кедергілері

Ғимараттар мен бөлмелер	Жылыту мерзімінің градус тәулігі, °С·тәу	Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері, $R_0^{пр}$			
		Қабырға	өтетін жерлер үстіндегі жабындар мен аражабындар	шатырлық жабындар	терезе
Қоғамдық, жоғарыдан басқа әкімшілік немесе тұрмыстық, дымқыл немесе сулы режимді бөлмелерден басқа	2000	2,1	3,2	2,8	0,3
	4000	2,8	4,2	3,7	0,45

Сыртқы қоршаудың жылу беру кедергісі келесідей анықталады

$$R_o = \frac{1}{\alpha_i} + R_k + \frac{1}{\alpha_c}, \quad (1.3)$$

мұндағы α_i – қоршаулардың ішкі бетінің жылу беру коэффициенті;
 R_k – қоршаушы конструкциясының термиялық кедергісі, $\text{м}^2\text{°С}/\text{Вт}$; көп қабатты қоршаулардың әр қабатының термиялық кедергілерінің қосындысы арқылы анықталады

$$R_k = R_1 + R_2 + \dots + R_n, \quad (1.4)$$

мұндағы R_1, R_2, R_n – қоршаулардың термиялық кедергілері, $\text{м}^2 \cdot \text{°C} / \text{Вт}$

$$R = \frac{\delta}{\lambda}, \quad (1.5)$$

мұндағы λ – құрылыс материалының есепті жылу өткізу коэффициенті, $\text{Вт} / (\text{м} \cdot \text{°C})$;

δ – қабат қалыңдығы, м.

Сыртқы қабырғаның термиялық жылу беру кедергісінің есебі

$$R = 2,57 - \left(\frac{1}{8,7} + \frac{0,3}{0,41} + \frac{0,008}{0,22} + \frac{1}{23} \right) = 1,643 \text{ м}^2 \cdot \text{°C} / \text{Вт}.$$

Сыртқы қабырғаның термиялық жылу кедергісі арқылы жылу оқшаулағыш материалдың қалыңдығы анықталады

$$\delta = 1,643 * 0,04 = 0,07 \text{ м}.$$

Жылуоқшаулағыш материал минералды жүн тақталар қалыңдығы 70 мм болғандағы сыртқы қоршаулардың термиялық кедергісі

$$R = \left(\frac{1}{8,7} + \frac{0,3}{0,41} + \frac{0,07}{0,04} + \frac{0,008}{0,22} + \frac{1}{23} \right) = 2,67 \text{ м}^2 \cdot \text{°C} / \text{Вт}.$$

Қоршаушы құрылымдардың термиялық кедергісі олардың келтірілген кедергісінен үлкен шамада шығуы тиіс

Қоршаулардың жылуөткізгіштік коэффициенті

$$K = \frac{1}{R_0}. \quad (1.6)$$

1.2 – кесте – Сыртқы қабырға құрылымы

Құрылыс материалы	Қалыңдығы, δ , м	Жылуөткізгіштік, λ , $\text{Вт} / (\text{м} \cdot \text{°C})$	Кедергі, R , $\text{м}^2 \cdot \text{°C} / \text{Вт}$
Газобетонды блок	0,3	0,41	0,731
Минералды жүнді плиталар, ТЕХНОВЕНТ	0,07	0,040	1,75
Фиброцементті панельдер	0,008	0,22	0,036

1.3 – кесте – Еден құрылымы

Құрылыс материалы	Қалыңдығы, δ , м	Жылуөткізгіштік, λ , Вт/(м·°С)	Кедергі, R, м ² °С/Вт
Темірбетон	0,25	1,92	0,130
Пенополистирол	0,15	0,041	3,65
Линолеум	0,003	0,29	0,01

1.4 – кесте – Төбе жабын құрылымы

Құрылыс материалы	Қалыңдығы, δ , м	Жылуөткізгіштік, λ , Вт/(м·°С)	Кедергі, R, м ² °С/Вт
Темірбетон	0,25	1,92	0,130
Пенополистирол	0,13	0,041	3,17
Құмды цемент	0,02	0,76	0,026
Рубероид	0,0035	0,17	0,020
Битум	0,001	0,22	0,004

Терезе үшін термиялық кедергі (жұптастырылған байланыстырғыштардағы кос әйнекті терезе) $R=0,40$ м²°С/Вт.

1.3 Бөлмелерде жылу жоғалуы

Жылыту жүйесін жобалауда ғимараттан жоғалатын жылу мөлшері анықталады. Ғимараттарда негізінен сыртқы қабырға, терезе, төбе жабын конструкцияларынан жылу жоғалады. Бөлмелердің сыртқы қоршаулары арқылы негізгі жылу жоғалу

$$Q_{\text{нег}} = A \cdot k \cdot (t_i - t'_o) \cdot n, \quad (1.7)$$

мұндағы A – жылу жоғалатын бет ауданы, м²;

k – қоршау құрылымының жылуөткізгіш коэффициенті, Вт/м²°С;

t_i – бөлменің ішкі ауа температурасы, °С;

t'_o – сыртқы ауа температурасы, °С;

n – қоршау конструкциясының сыртқы ауаға катынасын ескеретін коэффициент.

Бөлмелерде жоғалатын негізгі жылу мөлшеріне ($Q_{\text{нег}}$) қосымша факторлар әсер етеді, демек

$$Q_{\text{нег}} = A \cdot k \cdot (t_i - t'_o) \cdot n \cdot (1 + \sum \beta), \quad (1.8)$$

мұндағы $\sum \beta$ – қосымша жоғалатын жылуды ескеретін коэффициент, қабылданады: сыртқы қабырға бағытына: солтүстік, шығыс, солтүстік–шығыс және солтүстік–батыс – 10 пайыз (0,1), батыс – 5 пайыз (0,05), оңтүстік – 0; бұрыштық бөлмеде екі немесе оданда көп сыртқы қабырға болса – 5 пайыз (0,05); бөлме биіктігі 4 метрден жоғары болса, әр 1 м-ге – 2 пайыз (0,02); жел жылдамдығы: $V > 5$ м/с – 10 пайыз (0,1), $V < 5$ м/с – 5 пайыз (0,05).

Тұрғын үйлердің тұрғын бөлмелерінде және ас бөлмесінде жоғалатын жылу мөлшерін анықтау кезінде инфильтрациялатын ауаны жылытуға қажетті шығын

$$Q_{\text{ин}} = 0,28 \cdot L_1 \cdot \rho \cdot (t_i - t_c) \cdot A_{\text{п}}, \quad (1.9)$$

мұндағы L_1 – нормативті ауа алмасу, жылыту жүйесін жобалауда есепті сыртқы ауа температурасы қамтамасыз етудегі бөлменің 1 м^2 еденіне, $L_1 = 3 \text{ м}^3/\text{сағ}$;

ρ – ауа тығыздығы, $\rho = 1,2 \text{ м}^3/\text{кг}$;

$A_{\text{п}}$ – бөлме еденінің ауданы, м^2 .

Ғимараттағы толық жылу жоғалу

$$Q_{\text{т}} = Q_{\text{нег}} + Q_{\text{ин}}. \quad (1.10)$$

Ғимараттағы жылу жоғалуының толық есебі А.1 - кестеде көрсетілген.

1.4 Жылыту жүйесі

Жылыту жүйесі жылдың салқын мерзімінде ғимараттағы қолайлы температураны бірқалыпта ұстап тұруға және қоршаулар арқылы жоғалатын жылу мөлшерін қалпына келтіру үшін қызмет етеді. Жылыту жүйесінің негізгі элементтері – жылу көзі, құбырлар, жылу аспатары, тарату коллекторлары жатады.

Жылытуға жылытасымалдағышта қыздыру ЖЭО немесе аудандық қазандықтардан, қазандық қондырғылары арқылы жүзеге асырылады. Кейіннен жылытасымалдағыш құбырлар арқылы радиаторлаға беріліп, жылу бөлмеге таралады. Жылытасымалдағыш ретінде әдетте бу және су қолданылады.

Аталған дипломдық жобада орталықтандырылған екі құбырлы сәулелі жылыту жүйесі таңдалынған. Құбырлар еден асты бойымен жүргізілген. Тұрғын үйлерде жылытасымалдағыш ретінде су қолданылады. Салқындатқыштың температурасы беретін құбырда 95°C , қайтатын құбырда 70°C . Сонымен қатар басқару түйіндері әр пәтерге жеке жеке орналасады.

Бүгінгі таңда көптеген ғимараттарда жылуды тарату және реттеу мақсатында тарату коллекторлары қолданылады. Тарату коллекторлары – жылыту жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Басқару түйіндерінің негізгі

міндеті – жылуды дұрыс әрі бірқалыпты тарату. Коллекторлар тұрғын үйдің жылыту жүйесін ұтымды етуге, отынды үнемдеуге көмектеседі.

Жылыту жүйесін жобалау барысында сәулелі жылыту жүйесі таңдап алынды. Бұл жүйеде әр радиаторға құбырлар еден арқылы жеке – жеке тәуелсіз қосылады, бұл өз кезегінде жүйенің ескірген элементтерін ауыстыруды, жөндеу жұмыстарын жүргізуді жеңілдетеді. Бұндай жылыту жүйесінің көптеген артықшылықтары бар оның ең маңыздысы әр бөлмеде өзіндік температура реттеуге болады және бұл кез келген бөлмеде қолайлы микроклиматты ұстап тұруға көмектеседі. Жылудың біркелкі таралуы: сәулелік сымдар бүкіл бөлмеге жылудың біркелкі таралуын қамтамасыз етеді. Жылу үлкен аумақ (еден немесе қабырғалар) арқылы берілетіндіктен, ыстық немесе суық аймақтарсыз жайлы атмосфера жасалады. Энергия тиімділігі: радиациялық жылыту сымдары радиаторлар сияқты дәстүрлі жылыту жүйелерімен салыстырғанда энергияны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді. Жылу кеңірек бетке ауысатындықтан, қажетті температураға жету үшін аз ыстық су қажет, бұл энергияны үнемдеуге және жылу шығындарын азайтуға әкелуі мүмкін. Эстетикалық көрініс: радиалды жылыту сымдары байқалмауы мүмкін, өйткені құбырлар еденге немесе қабырғаларға төселген. Бұл көрінетін радиаторларды орнатпай-ақ бөлменің эстетикалық тартымдылығын сақтауға мүмкіндік береді. Жайлылық: Еденді жылыту, әсіресе ванна бөлмелерінде немесе ас үйде, жағымды сезім тудырады, өйткені беті жылынып, суықтың төменнен пайда болуына жол бермейді. Дизайн икемділігі: радиациялық жылыту сымдары радиаторларға шектеусіз бөлмелерді еркін жоспарлауға мүмкіндік береді. Еденді немесе қабырғаларды радиатор ретінде пайдалануға болады, бұл интерьерді ұйымдастыруда көбірек еркіндік береді. Сәулелі жылыту жүйесінің негізгі бір кемшілігі үлкен материалдық шығын болып табылады.

1.5 Жылыту аспаптарын таңдау

Жылыту аспаптары жылдың салқын мерзіміндегі жоғалатын жылу мөлшерін қалпына келтіре отырып, адамдарға қолайлы температураны қамтамасыз ету үшін құбырлар арқылы тасымалданатын жылуды тұрғын бөлмелерге біркелкі тарату қызметін атқарады.

Жылыту аспаптары көптеген жағдайларда терезе алдына немесе сыртқы қабырға тұсына орнатылады. Оның себебі, терезеден ішке енетін суық ауа ағындарына бөгет жасау. Ғимарттарға орнатылатын жылыту аспаптары бөлмедегі жайлы ауа температурасын ұстап тұруы, құны арзан, экономикалық жағынан тиімді болуы және бөлме интерьеріне сәйкес және үлкен орынды алмауы, сонымен қатар монтаждық жұмыстардың мейлінше жеңіл болуы шарт.

Жылу аспаптарының конвектор, панель, қырлы құбырлар, калорифельдер, радиатор секілді бірнеше түрі бар. Солардың арасында кең тараған аспап – радиаторлар.

Радиаторлар – жоғары сұранысқа ие жылыту аспаптары. Радиаторлар әдетте шойыннан, болаттан, алюминийден жасалады. Шойын радиаторлары: олар бұрын кең таралған және әлі күнге дейін ескі ғимараттарда қолданылады. Шойын радиаторы жылуды ұзақ уақыт сақтайды, бұл ұзақ жылу инерциясын және бөлменің айналасында жылудың біркелкі таралуын қамтамасыз етеді.

Болат радиаторлар: оларға техникалық қызмет көрсету оңай, берік және сенімді. Болат радиаторлар тез қызады және тез салқындатылады, бұл бөлме температурасын тез реттеуге мүмкіндік береді.

Алюминий радиаторлар қазіргі таңда ғимараттарда көптеп қолданылатын аспап түрі. Алюминий радиаторлардың салмағы жеңіл әрі жылу беруі жоғары болып келеді. Жылу ағыны тоқтатылған жағдайда тез суиды. Бұл бөлмедегі қолайлы температураны сақтауға көмектеседі. Коррозияға төзімділік: алюминий радиаторлары әдетте жақсы коррозияға төзімді және ұзақ қызмет етеді. Олар тот баспайды, бұл олардың сенімділігі мен беріктігін арттырады. Осы артықшылықтарға қарамастан, алюминий радиаторларының білуге тұрарлық кейбір ерекшеліктері бар. Мысалы, олар механикалық зақымға сезімтал болуы мүмкін, сондықтан оларды мұқият өңдеу керек. Сондай-ақ, алюминий радиаторлары радиаторлардың басқа түрлерімен салыстырғанда қымбатырақ болуы мүмкін.

Жылыту аспаптарының санын анықтау ең алдымен есепті бет ауданын анықтаудан басталады

$$A_{\text{жа}} = \frac{Q_{\text{жа}}}{k(t_{\text{орт}} - t_1)} \cdot \beta_1 \cdot \beta_2, \quad (1.11)$$

мұндағы $Q_{\text{жа}}$ – бөлмеде жоғалатын жылу мөлшері, Вт;

k – аспаптың жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/м²°С;

β_1 – жылыту аспаптарының қосымша аудан арқылы жылу таратуын ескеретін коэффициент;

β_2 – сыртқы қабырғаға орнатылған аспаптың қосымша жылу жоғалуын ескеретін коэффициент;

t_1 – бөлме температурасы, °С;

$t_{\text{орт}}$ – жылу тасымалдағыштардың орташа температурасы, °С.

$$t_{\text{орт}} = \frac{t_1 + t_2}{2}, \quad (1.12)$$

мұндағы t_1 – беретін құбырдағы жылу тасымалдағыш температурасы, °С;

t_2 – қайтатын құбырдағы жылу тасымалдағыш температурасы, °С.

Аспаптардың жылу бет ауданы анықталғаннан кейін, оның саны анықталады

$$N = \frac{A_{жа}}{\alpha_1} \cdot \frac{\beta_4}{\beta_3}, \quad (1.13)$$

мұндағы β_3 – жылыту аспабындағы секция санына байланысты коэффициент;

β_4 – жылыту аспаптырының орналасу тәсілін ескеретін коэффициент;

α_1 – таңдап алынған жылыту аспабының бір секция ауданы, м².

Бұл дипломдық жобада TENRAD компаниясы ұсынған алюминий, биіктігі 500 мм болатын радиаторлар таңдап алынды. TENRAD AL алюминий радиаторлары тұрғын және қоғамдық көпқабатты ғимараттарды жылытуға қолданылады.

1.5 – кесте – Радиатордың техникалық параметрлері

Аталуы	Сипаттама
Радиатор атауы	TENRAD AL
Радиатор түрі	Секциялық алюминий
Жылу тасымалдағыштың максималды температурасы	120°C
Секция биіктігі	570 мм
Секция ені	80 мм
Секция тереңдігі	95 мм
Қыздыру бетінің ауданы	0,375 м ²
Номиналды жылу беру коэффициенті	6,67 Вт/м ² ·°C

TENRAD алюминий радиаторларының мынадай артықшылықтарын айтуға болады:

- тиімділік: радиаторлар жоғары жылу өткізгіштігі мен тиімді су айналымы арқылы бөлмені тез және бірқалыпты жылытады;

- үнемділік: TENRAD энергияны тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін және жылу шығынын азайтатын технологиялар мен материалдарды пайдаланады;

- төзімділік: жылу аспаптары берік материалдардан жасалған және ұзақ мерзімде қызмет етеді.



1 - сурет – TENRAD AL 500/100 радиаторы

1.6 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі

Жылыту жүйесінің гидравликалық есептеулері жобалаудағы маңызды кезеңі болып табылады. Жылыту жүйесі дұрыс әрі сенімді жұмыс жасауы үшін оның құбырлары дұрыс таңдалуы керек. Гидравликалық есептеудің негізгі мақсаты:

- жылу құбырларының оптимальды диаметрін анықтау;
- учаскелерде жоғалатын қысымды анықтау.

Жылыту жүйесінің гидравликалық есебін жүргізудің бірнеше әдістерін атап көрсетуге болады: динамикалық қысыммен, кедергі сипаттамалары мен өткізгіштікпен, келтірілген ұзындықпен және ұзындықта меншікті қысым жоғалу. Гидравликалық есептерді жүргізу үшін меншікті қысым жоғалу әдісі кеңінен қолданылады. Гидравликалық есептеу әдетте аксонометриялық сұлба арқылы орындалады.

Гидравликалық есеп жүргізу үшін ең алдымен аксонометриялық сызба тұрғызылады. Бұл сызда құбырлар желісінің учаске нөмерлері, жылу жүктемесі, су шығындары мен құбыр ұзындығы көрсетіледі.

Есеп ең алдымен негізгі айналымды сақина таңдаудан басталады. Айналымды сақина ретінде жергілікті жылу пунктінен алыс жатқан жылу жүктемесі көп тік желі қарастырылады.

Жылыту жүйесінің диаметрлер таңдау үшін есепті айналымды сақинадағы орташа меншікті қысым жоғалуы анықталады

$$R_{\text{орт}} = \frac{(1-\varphi) \cdot \Delta P_p}{\Sigma I}, \quad (1.14)$$

мұндағы φ – үйкелісте жоғалатын қысымды ескеретін коэффициент, екі құбырлы жүйеде 0,35;

ΔP_p – желідегі жайғасқан қысым, Па;

$\sum l$ – айналымды сақинаның жалпы ұзындығы, м.

Белгілі жылу жүктемелер бойынша учаскедегі су шығыны

$$G_0 = \frac{Q_0}{c \cdot (t_1 - t_2)}, \quad (1.15)$$

мұндағы Q_0 – учаскенің жылу жүктемесі, Вт;

c – судың жылусыйымдылығы, Дж/кг·°С;

t_1, t_2 – беретін және қайтатын құбырлардағы су температурасы, °С.

Жылыту жүйесінің учаскелерінде жоғалатын қысым

$$\Delta P = \Delta P_l + \Delta P_m, \quad (1.16)$$

мұндағы ΔP_l – құбырлардағы ұзындықта жоғалатын қысым, Па;

ΔP_m – жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па.

Ұзындықта жоғалатын қысым мөлшері:

$$\Delta P_l = \frac{\rho \cdot g^2}{2 \cdot l} = R \cdot l, \quad (1.17)$$

мұндағы R – 1 метр ұзындықта меншікті қысым жоғалуы, Па/м;

l – учаске ұзындығы, м.

Жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым төмендегідей анықталады

$$\Delta P_m = \sum \xi \cdot \Delta P_{\text{дин}} = \sum \xi \cdot \frac{\rho \cdot v^2}{2}, \quad (1.18)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{дин}}$ – динамикалық қысым, Па;

$\sum \xi$ – әр учаскедегі жергілікті кедергілер қосындысы.

Жергілікті кедергілерге: ысырмалар, вентильдер, екі жақты реттегіш кран, крестовина, үш тарам, жылыту аспаптары, бұрылыстар жатады.

Жылыту жүйесінің құбырларының гидравликалық есебі 1.6 - кестеде ұсынылған.

1.6 – кесте – Гидравликалық есеп

Уч.	Жылу жүктемесі, Q _о , Вт	Су шығыны, G _о , кг/с	Участок ұзындығы, L, м	Құбыр диаметрі, d _у , мм	СУ жылдамдығы, V, м/с	Меншікті қысым жоғалуы, R, Па/м	Ұзындықты қысым жоғалуы ΔP _л , Па	Динамикалық қысым, P _{дин} , Па	Жергілікті кедергілер коэффициенті, Σξ	Жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, ΔP _м , Па	Жалпы жоғалатын қысым, ΔP, Па
1 блок											
1	224265	2,141	5	65	0,56	60,0	300,0	156	2,0	312	612
2	117095	1,118	4,5	65	0,3	25,0	112,5	45	3,5	158	270
3	115719	1,105	4	50	0,5	70,0	280,0	123	1,0	123	403
4	98574	0,941	9,1	50	0,44	55,0	500,5	95	4,0	382	882
5	84826	0,810	3,4	50	0,39	45,0	153,0	76	1,0	76	229
6	74520	0,712	3,4	50	0,34	34,0	115,6	58	1,0	58	174
7	64214	0,613	3,4	50	0,3	28,0	95,2	44	1,0	44	139
8	53908	0,515	3,4	40	0,39	60,0	204,0	76	1,0	76	280
9	43602	0,416	3,4	40	0,32	40,0	136,0	50	1,0	50	186
10	33296	0,318	3,4	32	0,35	60,0	204,0	61	1,0	61	265
11	22990	0,220	3,4	32	0,25	32,0	108,8	31	1,0	31	139
12	12684	0,121	3,9	25	0,2	28,0	109,2	20	5,0	101	210
13											
14	22990	0,220	3,4	32	0,25	32,0	108,8	31	1,0	31	139
15	33296	0,318	3,4	32	0,35	60,0	204,0	61	1,0	1	265

1.6 - кестенің жалғасы

Уч.	Жылу жүктемесі, Q ₀ , Вт	Су шығыны, G ₀ , кг/с	Участок ұзындығы, L, м	Құбыр диаметрі, d _у , мм	СУ жылдамдығы, V, м/с	Меншікті қысым жоғалуы, R, Па/м	Ұзындықты қысым жоғалуы, ΔP _л , Па	Динамикалық қысым, P _{дин} , Па	Жергілікті кедергілер коэффициенті, Σξ	Жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, ΔP _м , Па	Жалпы жоғалатын қысым, ΔP, Па
16	43602	0,416	3,4	40	0,32	40,0	136,0	50	1,0	50	186
17	53908	0,515	3,4	40	0,39	60,0	204,0	76	1,0	76	280
18	64214	0,613	3,4	50	0,3	28,0	95,2	44	1,0	44	139
19	74520	0,712	3,4	50	0,34	34,0	115,6	58	1,0	58	174
20	84826	0,810	3,4	50	0,39	45,0	153,0	76	1,0	76	229
21	98574	0,941	9,1	50	0,44	55,0	500,5	95	4,0	382	882
22	115719	1,105	4	50	0,5	70,0	280,0	123	1,0	123	403
23	117095	1,118	4,5	65	0,3	25,0	112,5	45	5,0	225	338
24	224265	2,141	5	65	0,56	60,0	300,0	156	2,0	312	612
2 блок											
1	222074	2,121	5	65	0,56	60,0	300,0	156,2	2,0	312,48	612
2	115915	1,107	4,5	65	0,3	25,0	112,5	45,0	3,5	157,50	270
3	114539	1,094	4	50	0,5	70,0	280,0	123,0	1,0	123,01	403
4	97394	0,930	9,1	50	0,44	55,0	500,5	95,5	4,0	381,94	882
5	82981	0,792	3,4	50	0,39	45,0	153,0	76,1	1,0	76,05	229
6	72940	0,696	3,4	50	0,34	34,0	115,6	58,1	1,0	58,14	174
7	62899	0,601	3,4	50	0,3	28,0	95,2	43,8	1,0	43,81	139

1.6 - кестенің жалғасы


Уч.	Жылу жүктемесі, Q ₀ , Вт	Су шығыны, G ₀ , кг/с	Участок ұзындығы, L, м	Құбыр диаметрі, d _у , мм	СУ жылдамдығы, V, м/с	Меншікті қысым жоғалуы, R, Па/м	Ұзындықты қысым жоғалуы, ΔP _л , Па	Динамикалық қысым, P _{дин} , Па	Жергілікті кедергілер коэффициенті, Σξ	Жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, ΔP _м , Па	Жалпы жоғалатын қысым, ΔP, Па
5	82981	0,792	3,4	50	0,39	45,0	153,0	76,1	1,0	76,05	229
6	72940	0,696	3,4	50	0,34	34,0	115,6	58,1	1,0	58,14	174
7	62899	0,601	3,4	50	0,3	28,0	95,2	43,8	1,0	43,81	139
8	52858	0,505	3,4	40	0,39	60,0	204,0	76,1	1,0	76,05	280
9	42817	0,409	3,4	40	0,32	40,0	136,0	49,9	1,0	49,93	186
10	32776	0,313	3,4	32	0,35	60,0	204,0	61,3	1,0	61,25	265
11	22725	0,217	3,4	32	0,25	32,0	108,8	30,5	1,0	30,50	139
12	12694	0,121	3,9	25	0,2	28,0	109,2	20,2	5,0	101,00	210
13											
14	27225	0,260	3,4	32	0,25	32,0	108,8	30,5	1,0	30,50	139
15	32776	0,313	3,4	32	0,35	60,0	204,0	61,3	1,0	61,25	265
16	42718	0,408	3,4	40	0,32	40,0	136,0	49,9	1,0	49,93	186
17	52858	0,505	3,4	40	0,39	60,0	204,0	76,1	1,0	76,05	280
18	62899	0,601	3,4	50	0,3	28,0	95,2	43,8	1,0	43,81	139
19	72940	0,696	3,4	50	0,34	34,0	115,6	58,1	1,0	58,14	174
20	82981	0,792	3,4	50	0,39	45,0	153,0	76,1	1,0	76,05	229

1.6 - кестенің жалғасы

Уч.	Жылу жүктемесі, Q ₀ , Вт	Су шығыны, G ₀ , кг/с	Участок ұзындығы, L, м	Құбыр диаметрі, d _у , мм	СУ жылдамдығы	Меншікті қысым жоғалуы	Ұзындықты қысым жоғалуы	Динамикалық қысым	Жергілікті кедергілер коэффициенті	Жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым	Жалпы жоғалатын қысым
21	97394	0,930	9,1	50	0,44	55,0	500,5	95,5	4,0	381,94	882
22	114539	1,094	4	50	0,5	70,0	280,0	123,0	1,0	123,01	403
23	115915	1,107	4,5	65	0,3	25,0	112,5	45,0	5,0	225,00	338
24	222074	2,121	5	65	0,56	60,0	300,0	156,2	2,0	312,48	612

1.7 Жергілікті жылу пунктiнiң негiзгi қондырғысы

Жергiлiктi жылу пунктiнiң негiзгi қондырғысы ретiнде суағынды элеватор пайдаланылады. Суағынды элеватор жылу жүйесiнен келетiн суды белгiлi температураға дейiн төмендетiп жылытуға жiбередi. Суағынды элеватор қарапайым, бағасы арзан әрi сенiмдi жұмыс атқарады.



1 – шүмек; 2 – қабылдау камерасы; 3 – араластыру камерасы; 4 – диффузор
2 - сурет – Суағынды элеватор сұлбасы

Жылу көзiнен шығатын судың параметрлерi: температурасы 105 – 150 °С, ал қысымы 6 – 10 бар болады. Бұндай жоғары көрсеткiштер жылу тасымалдағыштарды алыс нүктелерге жеткiзу үшiн қажет. Осындай максималды көрсеткiштердi төмендету мақсатында жылуалмастырғыш ретiнде элеваторлар қолданылады.

Элеватордың негiзгi функциялары:

- жүйедегi циркуляцияны қамтамасыз ету;
- жылу тасымалдағыштың температурасын төмендету;
- жылыту құбырларының қысымын төмендету.

Жылу желiсiнен максималды температурада келген су кiрiс құбырына түседi және белгiлi бiр қысыммен алға жылжиды. Шүмекке кiрген су сору камералары арқылы жылыту жүйесiнiң қайтатын құбырына қосылған араластыру камерасына түседi. Араластыру камерасында қайтатын құбыр сумен араласып, жылу тасымалдағыштың температурасы мен қысымы төмендейдi. Параметрлерi төмендеген жылу тасымалдағыш диффузор көмегiмен жүйеге қайтарылады және құбырлар мен пәтерлерде орналастырылған радиаторларға таратылады.

Элеваторды таңдау үшiн келесi жолмен арнайы есептер жүргiзiледi:

Жылу желiсiнен түсетiн судың шығыны анықталады

$$G_{\text{жж}} = \frac{Q_{\text{ж}}}{c \cdot (T_1 - T_2)}, \quad (1.20)$$

мұндағы $Q_{\text{ж}}$ – жылыту жүйесiнiң жалпы жылу шығыны, Вт;

c – судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг °С;

T_1, T_2 – судың температуралары, °С.

Элеватордың араластыру коэффициенті анықталады

$$u = \frac{(T_1 - t_1)}{(t_1 - t_2)}. \quad (1.21)$$

Жылыту жүйесіне түсетін судың шығыны анықталады

$$G_{\text{жж}} = \frac{Q_{\text{ж}}}{c \cdot (t_1 - t_2)}, \quad (1.22)$$

мұндағы t_1, t_2 – жылыту жүйесінің беретін және қайтатын құбырындағы судың температуралары, °С.

Элеватордың мойынының диаметрі анықталады

$$d_{\text{м}} = 1,55 \cdot \frac{G_{\text{жж}}^{0,5}}{\Delta P_{\text{ж}}^{0,25}}, \quad (1.23)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{ж}}$ – жылыту жүйесіне элеватор арқылы берілетін қысым, кПа. Элеватордың шүмегінің диаметрі анықталады

$$d_{\text{с}} = \frac{d_{\text{г}}}{1 + u}. \quad (1.24)$$

Элеватор жұмыс атқару үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым анықталады

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{G_{\text{жж}}^2}{d_{\text{с}}^4}. \quad (1.25)$$

Есеп аяқталғаннан кейін элеватордың типтік номері таңдалады және оның конструктивтік өлшемдері қабылданады. Қазіргі таңда ғимараттарда көбінесе сорғышты араластырғаш кеңінен қолданылады. Араластыру сорғыштарын орнату пайдалану шығындары мен капиталдық салымдардың үлкейуіне қарамастан жылытуға кететін энергияны экономдауға және бөлменің жылулық тәртібін жақсартуға көмектеседі.

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

